# Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ – нің 2024 – 2025 оқу жылындағы қыркүйек айында психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстар есебі.

Оқу жылы басында мектептің психологиялық қызметінің жоспары құрылып бекітілді. Психологиялық қызмет жұмысын мектептің білім беру ортасында арнайы жағдайды қалыптастыра отырып, оқушылардың психологиялық даму үдерісін басқару, оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына жағдай жасау, педагогтардың шығармашылық потенциясын аша отырып, ата-аналармен қарым- қатынасын жақсарту мақсатын алға қоя отырып бастадым. **Қыркүйек айында** мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында 1 класс оқушыларымен танысу тренингі өткізіліп және «Керн - Йиерасек», «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Тест қорытындысы бойынша класс жетекшілерге сонымен қатар ата – аналар жиналысында ескертіліп, мектепке бейімділігі төмен оқушылар анықталған жоқ.







5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты Н.Г.Лусканов сауалнамасы алынып, хаттамасы толтырылды. Жалпы 5 класс оқушыларының саны: 46 оқушы. 17 оқушы – мектепке бейімделудің жоғары деңгейі. 21 оқушы - орташа бейімделу деңгейі. 8 оқушы – сыртқы мотивация.

**Білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалау жүргізу барысында психологиялық қолдау көрсету сонымен қатар мидың оң және сол жақ жартышарларын және ұсақ маториканы дамыту мақсатында 4 және 9 класс оқушыларына психологиялық алдын – алу, түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді.**





**«Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі» тақырыбында 1 – 11 класс оқушыларының ата – аналарына буллинг, кибербуллинг, интернеттің зияны, интернеттегі ойындар мен алаяқтық туралы ата – аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылды.**

